«ҚАРАЛДЫ»
Педагогикалық кеңес № 1
« 25 » тамыз 2026 ж

«БЕКІТІЛДІ»
Мектеп директоры
Г.Ж.Дайрбаева
«__» 2026ж.

«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «№61 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІ» КММ-СІ БОЙЫНША 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Ақтөбе – 2026 жыл

ТҮСІНІК ХАТ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, адалдық пен парасаттылықты, еңбекқорлық пен шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған.

Бағдарлама білім алушының үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдерге негізделеді. Тәрбие жұмысы білім беру мазмұны, сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар, әлеуметтік жобалар, ата-аналармен ынтымақтастық және қоғамдық ұйымдармен өзара байланыс арқылы жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі басымдықтары

2026–2027 оқу жылында тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын білім алушылардың күнделікті өмірі мен іс-әрекетіне енгізуге бағытталады.

Негізгі бағыттар:

- **«Заң мен тәртіп»** – құқықтық сауаттылықты арттыру, заң талаптарын құрметтеу, құқық пен міндетті түсіну, қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікті қалыптастыру;
- **«Таза Қазақстан»** – қоршаған ортаны қорғау, тазалық пен экологиялық мәдениетті дамыту, табиғатқа ұқыпты қарау және қоғамдық орындарды таза ұстауға тәрбиелеу;
- **«Еңбек адамы»** – еңбекті қадірлеу, еңбекқорлықты, кәсіби қызығушылықты, жауапкершілікті және адал еңбек арқылы жетістікке жету түсінігін қалыптастыру;
- **«Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы»** – бала тәрбиесіндегі отбасы мен білім беру ұйымының өзара жауапкершілігін күшейту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- **Оқу мәдениеті мен кітап оқуды насихаттау** – білім алушылардың оқу сауаттылығын, ойлау қабілетін, рухани дүниесін дамыту мақсатында **«12 ай – 12 кітап»** жобасын іске асыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:«Білім алушының азаматтық жауапкершілігін, құқықтық және қаржылық сауаттылығын, қауіпсіз мінез-құлқын құндылыққа негізделген тәрбие арқылы қалыптастырып, қоғамға пайдалы, адал тұлға тәрбиелеу»

Тәрбие жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 наурыз 2026 жыл);
2. «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2025 жылғы 11 желтоқсандағы №281 бұйрығы *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы);*
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы *(«Жолда жүру ережелері», «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы);*
4. «Мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің білім беру процесіне «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 18 қыркүйектегі №263 бұйрығы;
5. «Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;
6. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы;
7. «Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 227 бұйрығы;
8. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 2023 жылғы 6 қыркүйектегі №34 бұйрығы;
9. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңы;
10. «Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 137 бұйрығы;
11. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ;
12. «Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының және кәсіптік практикадан өткізуге арналған үлгілік шарт нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қарашадағы № 611 бұйрығы;
13. Орта білім беру ұйымдарындағы педагог-кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік нұсқаулық (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025);

14. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2026);
15. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының брендингі және білім беру ұйымдарын безендірудің бірыңғай дизайнын қалыптастыру ережесі (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, 2025);
16. «Білім беру ұйымдарында баса назар аударуды талап ететін кәмелетке толмағандарды педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 104-НҚ бұйрығы;
17. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы;
18. «Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №386 бұйрығы;
19. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы;
20. Балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған «ДОСБОЛЬiКе» антибуллингтік бағдарламасы («Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты, 2025);
21. «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы;
22. Ақтөбе облысы әкімнің 2023 жылғы 11 қазандағы №270 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары;
23. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2022 жылғы 31 мамырдағы № 251 бұйрығы;
24. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025);
25. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 5 наурыздағы №55 бұйрығы;
26. 2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық («Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты, 2025).

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	***-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»*:** үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; ***-«Өнегелі 15 минут»*** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; ***-«Үнемді тұтыну»*** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; ***-«Күй күмбірі»*** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; ***- «Балалар кітапханасы» жобасы, «12 ай – 12 кітап» жобасы аясында*** мектептерде үзіліс кездерінде «10 минут кітап оқу» акцияларын ұйымдастыру (*ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша).*	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры Г.Дарибаева, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева , сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А., мектеп психологтары Н.Кулмухамбетова, әлеуметтік педагог Ф.Ибраева, мектеп кітапханашысы Л.Магзомова, Г.Идиятуллаева	Күнделікті жыл бойы
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	***-«Менің Қазақстаным»*** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; ***- «Апта дәйексөздері»*** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып	Аптасына 1 рет	Мектеп директоры Г.Дарибаева ,директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева , сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А., мектеп психологтары Н.Кулмухамбетова, әлеуметтік педагог Ф.Ибраева, А.Серикова	Апта сайын жыл бойы

	тақталарында және т.б. орналастырылады; ***-«Қауіпсіздік сабағы»*** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.			
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу шаралары	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС және т.б.)*	Айына 1 рет
2	«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде әрекет ету тәртібі туралы» интерактивтік сабақтар	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, облыстық әдістемелік орталығы, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп *(ТЖД)*	Айына 1 рет
3	«Зерделі ұлт» оқу мәдениеті мен кітап ісін дамыту тұжырымдамасын іске асыруда **«12 ай – 12 кітап»** жобасы	Жоба	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева , кітапханашы Г.Идиятуллаева,Л.Магзомова	Айына 1 рет
Тоқсан сайын атқарылатын іс шаралар				
1	Қәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарды әкелуге шектеу қою бойынша рейдтік шаралар	Профилактикалық шара, хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, Д.Сатаева, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, қамқоршылық кеңес өкілдерінің қатысуымен	Тоқсанына 1 рет
2	Ерте жүктіліктің, жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар	Профилактикалық шара, хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, медицина	Тоқсанына 1 рет

			қызметкерлері	
3	Табиғи ресурстарды үнемді пайдалану, табиғи құбылыстар мен климаттық жағдайларға дайын болу бойынша флаерлер, бейнероликтер, инфографикаларды тарату	Флаерлер, бейнероликтер, инфографикаларды тарату	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, жаратылыстану пәні бірлестігі Е.Жарбусинов, аға тәлімгер Шүйіншібаева А., өзін өзі басқару ұйымы, сынып жетекшілер	Тоқсанына 1 рет
Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	**«ҚАДАМ-LIFE»** облыстық жобасы *«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы*	Облыстық жоспар бойынша	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері, мектеп психологтары Н.Кулмухамбетова, кәсіби бағдар беру жетекшісі Үсенова К.	Жыл бойы
2	Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған **«Адал ұрпақ»** жобасы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған іс-шаралары *«Еңбегі адал-жас өрен» жобасы*	Облыстық жоспар бойынша	Мектеп директоры Г.Дарибаева, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ж.Еркебаева, Д.Сатаева , сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А., мектеп психологтары Н.Кулмухамбетова, әлеуметтік педагог Ф.Ибраева, «Адал ұрпақ» клуб жетекшісі Е.Жарбусинов	Жыл бойы
3	Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2026-2027 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары *«Қамқор» жобасы*	Облыстық жоспар бойынша	Мектеп директоры Г.Дарибаева, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева , сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А. жаратылыстану бірлестігі	Жыл бойы жоспар негізінде

			Е.Жарбусинов, «Экоклуб» жетекшісі Ф.Ибраева	
4	Кәмелкетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар жоспарлары *Алдын алу шаралары*	Облыстық жоспар бойынша	Мектеп директоры Г.Дарибаева, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, Д.Сатаева, мектеп психологі Н.Кулмухамбетова, әлеуметтік педагог Ф.Ибраева, мектеп медбикесі Джабалиева Г.	Жыл бойы жоспар негізінде
5	«Заң және тәртіп», «Еңбек адамы», «Таза Қазақстан» қағидаттарын іске асыруға бағытталған іс-шаралар	Жоспар негізінде	Мектеп ұжымы	Жыл бойы жоспар негізінде
6	«Мектеп журналистері» іс-шараларын өткізу — мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінен сұхбат алу	Мектеп БАҚ-тағы (теледидар, радио, газет, YouTube-арналар), әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, материалдар	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева , аға тәлімгер Шүйіншібаева А., өзін-өзі басқару ұйымы	Жыл бойы
7	Қорғаныс әскери бөлімдерінде, ішкі істер органдарының мұражайларында, өңірлік полиция департаменттерінде және ІІМ оқу орындарында ашық есік күндерін өткізу, әскери бөлімдерде «Ерлік күндері» іс-шараларын, курсанттар мен әскери қызметшілердің Әскери ант қабылдау салтанатты рәсімдерін ұйымдастыру	Әскери ант қабылдау салтанатты рәсімдері	БӘД пәні мұғалімі Сағындықәулеті Б. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева , аға тәлімгер Шүйіншібаева А.	Жыл бойы
8	«Құқық бұзушылықтарға қарсы күрес» бойынша ақпараттық-танымдық жұмыс жүргізу, инфографика мен бейнероликтерді тарату: - жолда және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау; - нашақорлық пен психотроптық заттарды қолдану және таратуға қатысты жауапкершілік туралы кейстерді талдау, закладчиктер мәселесі; - бопсалау, ұрлық және бұзақылықты алдын	Алдын алу шаралары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ж.Еркебаева, Д.Сатаева, педагог-психолог Н.Кулмухамбетова , әлеуметтік педагог Ф.Ибраева, аға тәлімгер Шүйіншібаева А., мүдделі мемлекеттік органдары	Жыл бойы

	алу бойынша кейстерді талдау; - интернет пен әлеуметтік желілердегі буллинг пен кибербуллингтің алдын алу; - отбасылық зорлық-зомбылық пен вандализмді болдырмау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары			
9	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы • әскери-патриоттық видеороликтерді дайындау; • «Мансап компасы» платформасында кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру; • Skills.enbek.kz платформасында оқыту; • «Электрондық еңбек биржасын» қалай пайдалану,«Менің жазғы демалысым» функциясы арқылы жұмыспен қамтылуы;	Видеороликтерді дайындау,платформаларда жұмыс жасау шаралары	Кәсіби бағдар беру педагогі Үсенова К., жоба жетекшісі, 9,11 сынып жетекшілері	Жыл бойы
10	Төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға арналған • «Қауіпсіздік сабағы» өткізуді ұйымдастыру; • білім беру ұйымдарында ғимараттардан қауіпсіз эвакуация дағдыларын қалыптастыру бойынша тәжірибелік оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізу; • «Жас құтқарушы» клубтарының жұмысын ұйымдастыру; • төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын үйрету және зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету;	Алдын алу және ұйымдастыру шаралары.	БӘД пәні мұғалімі Сағындықәулеті Б., сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А.	Жыл бойы
11	Азаматтық қорғау тақырыптарына арналған бейнефильмдер, роликтер, слайдтар, журналдар, буклеттер мен брошюраларды жасау және тарату, иллюстрацияланған материалдарды орналастыру	Бейнефильмдер, роликтер, слайдтар, журналдар, буклеттер мен брошюраларды жасау	БӘД пәні мұғалімі Сағындықәулеті Б., сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А.	Жыл бойы

		және тарату, иллюстрацияланған материалдар		
12	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмысының аясында «Отбасындағы қаржылық жауапкершілік аясында өз міндеттеріне саналы көзқарасты қалыптастыру» тақырыбында дәрістер өткізу Этносаралық төлеранттылықты қалыптастыруға, мәдениеттер мен діндерді құрметтеуге, этностарды интеграциялауға және ұлт бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған білім алушылармен • «Ақсақалдар кеңесі» • «Аналар кеңесі» мүшелерін тарта отырып, профилактикалық, алдын алу жұмыстарын жүргізу	Дәрістер өткізу	АПҚО жетекшісі Д.Сатаева, сынып жетекшілер, педагог-психологтар.	Жыл бойы
13	Мемлекеттік органдарға таныстырылымдық сапарларды ұйымдастыру *(қысқа мерзімді визиттер, экскурсиялар, ашық отырыстар мен басқа да қызметтік міндеттерді орындауды талап етпейтін жұмыс форматтарында қатысу)* • «Үздік мемлекеттік қызметші» медалімен марапатталған тұлғалармен кездесу ұйымдастыру; • Мемлекеттік қызметші мамандығын танымал ету мақсатында кәсіби бағдар беру кездесулерін өткізу; • Мемлекеттік қызмет жүйесі, кәсіби даму мүмкіндіктері және мемлекеттік қызметке кіру тәртібі туралы ақпараттық материалдар тарату	*қысқа мерзімді визиттер, экскурсиялар, ашық отырыстар мен басқа да қызметтік міндеттерді орындау*	Мектеп директоры Г.Дарибаева, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева , сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А., мүдделі мемлекеттік органдары	Жыл бойы
14	Қаржылық қауіпсіздік бойынша, сондай-ақ темекі шекпейтін темекі бұйымдарының, тұтынудың	ақпараттық-ағартушылық материалдарды дайындау	Мектеп директоры Г.Дарибаева, директордың	Жыл бойы

	электрондық жүйелерінің (вейптердің) айналымына тыйым салу туралы дәрістер өткізу, жаднамалар тарату	және тарату	тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева , Д.Сатаева сынып жетекшілер, аға тәлімгер Шүйіншібаева А. мүдделі мемлекеттік органдары, «Наркобекет» жетекшісі В.Сагинова	
15	Құқықтық ағарту бойынша инфографикаларын әзірлеу және тарату	Инфографикаларын әзірлеу және тарату	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілер, мүдделі мемлекеттік органдары	Жыл бойы
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
1	«2026-2027 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысы: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттары»	Педагогикалық кеңес, хаттама	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, Д.Сатаева	Тамыз
2	Тәрбие процесін жоспарлау, бекіту жұмыстары	Жоспарға сәйкес	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Ж.Еркебаева,Д.Сатаева	Тамыз
3	**«Мектепке жол»** республикалық акциясы	Жоспарға сәйкес	Әлеуметтік педагог А.Төретова	тамыз
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ **1 қыркүйек** – «Білім күні» **5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні **Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні **Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні				
І АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ»				
1	**1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын**	Салтанатты іс-шара	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева , педагог-ұйымдастырушы Б.Ұзақбаева, аға тәлімгер, сынып жетекшілері, әскери жетекшілер Сағындықәулеті Б.	1 апта
2	**«Қазақстан Республикасының**	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта

	Конституциясы: Адал азамат, зерделі ұлт және жауапты қоғам қалыптастырудың негізі» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*			
3	**«Тілім менің қасырларға аманат»** *(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)*	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері М.Сарина, Г.Султангалиева, Б.Өмірзақ	1 апта
4	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, сынып жетекшілері, педагог-психолог Н.Кулмуханбетова.	1 апта
5	«Мектеп парламенті» балалар бастамасын іске асыруға жәрдемдесуБілім басқармасына ақпарат	тоқсан сайын 1-11 сынып оқушылары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, ББ, А(Қ)ББ, ББҰ, ДСБ, ТЖД, ПД, ІСБ, ЭД, АШБ	
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
6	«Жол- қауіпсіздік ережелерін сақтайық!» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен *(ІІД және т. б.)* бірлесіп	2 апта
7	**«Отбасымыздың бір күні»** челленджі	Отбасы күніне арналған челлендж	сынып жетекшілері	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбеккорлық – адамның ең жақсы қасиеті» (Абай)				
8	**«Буллингтен қорған!»** *(«ДосболLike» жобасы)* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
9	«Қоршаған ортаны қорға!» «Жасыл даму» ЭҚҚ мамандарымен кездесу	Кездесу	Класс жетекшілері	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!»				
10	«Еңбектің наны тәтті» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
11	«Еңбек күніне» мерекесіне арналған шара	Кездесулер, сенбіліктер, сынып сағаттары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, кәсіби бағдар	4 апта

			беру педагогі Үсенова К., сынып жетекшілер, жоба жетекшісі Ф.Ибраева	
12	**«Күзгі асар»** жәрмеңкесі *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*	Жәрмеңке	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, сынып жетекшілері, аға тәлімгер Шүйіншібаева А, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ **1 қазан** – Халықаралық карттар күні **5 қазан** – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 Қазан** – Республика күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны»				
1	«Скутер, мопед жүргізу қауіпсіз емес» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	**«Қоғамға қызмет ету»** волонтерлық қызмет, халықаралық акция *«Қамқор» жобасы*	Жалпы мектепішілік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер Шүйіншібаева А., жоба жетекшісі Ж.Асхатқызы	1 апта
3	**5 қазан** – Мұғалімдер күніне арналған **«Даналық ұстаздан»** челленджі *«Шабыт» жобасы*	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Сынып жетекшілері, аға тәлімгер Шүйіншібаева А, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта
4	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен **«Дублер күнін»** ұйымдастыру	Әлеуметтік желіге ақпарат	Мектеп директорының оқу және тәрбие жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, аға тәлімгер Шүйіншібаева А, сынып жетекшілер.	1 апта
5	Ойынға салауатты көзқарас «Суды үнемде-болашақты сақта» тақырыбында және қаржылық қауіпсіздік бойынша пікірталастар, экосағаттар өткізу	Алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»				

6	«Елімнің желбіресін көк байрағы!» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
7	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
8	Психотроптық заттарды қолдану және таратуға қатысты жауапкершілік туралы кейстерді талдау, закладчиктер мәселесі	ҚҚО қызметкерлерімен кездесу	Мектеп әкімшілігі	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» (Ы.Алтынсарин)				
9	**«Буллингтен қорған!»** *(«ДосболLike» жобасы)* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
10	Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне арналған ақпараттық-ағартушылық іс-шараларды өткізу. Тақырыптар бойынша инфографикалар: эмоцияларды бақылау, қауіпті мінез-құлық баламалары, өмірге төзімділік қалыптастыру, стресс — қалай тануға және өзін-өзі қолдаудың әдістері, суицидалды мінез-құлықтың алдын алу, көмек қызметтері туралы ақпарат, эмпатияны, коммуникацияны және конфликтіні шешу дағдыларын дамыту, әлеуметтік қатынастарды нығайту	Ақпараттық-ағартушылық іс-шараларды	Дене шынықтыру бірлестігінің жетекшісі Қ.Нуралиев, Педагог-психолог , мүдделі мемлекеттік органдар	3 апта
11	Дүниежүзілік азық-түлік күніне арналған ақпараттық-танымдық іс-шараларды өткізу. Тақырыптар: дұрыс тамақтану, денсаулық үшін таңғы астың маңызы, қант және қант қосылған газдалған сусындардың жасырын қауіптері, дұрыс тамақтану, пайдалы түскі бокс, пайдалы тағамдық аралықтар, қозғалыс белсенділігі мен ұйқының рөлі, физикалық белсенділік, күнделікті кемінде 60 минут қозғалу, экран алдында өткізілетін уақытты шектеу, тәтті сусындардың орнына су ішу, отбасылық түскі ас — денсаулық	Ақпараттық-танымдық іс-шаралары	Мектеп медбикесі Г.Джабалиева, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтар А.Серикова, сынып жетекшілер, мүдделі мемлекеттік органдар	3 апта

	факторы ретінде			
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отанды сүю – отбасынан басталады»				
12	«Елдігім мен ерлігімнің айғағы- Желтоқсан Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Республика күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілер	4 апта
13	**«Республикам – мақтанышым!»**	Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер Шүйіншібаева А	4 апта
14	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	Мектеп дебаты	Жоба жетекшісі Г.Тобажанова	4 апта
15	Демалыста кітап оқимыз *«12 ай -12 кітап»*	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, кітапханашы Г.Идиятуллаева	4 апта
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ **15 қараша** – Ұлттық валюта – теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ болу – адамгершіліктің ең биік шыңы»				
1	**«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	**Мектеп театры** *«Шабыт» жобасы*	Театр қойылымы	Жоба жетекшісі Д.Сатаева	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік адамды адам етеді»				
3	«Ұлттық теңгенің тарихы» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
4	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	Зияткерлік ойын	Жоба жетекшілері Г.Тобажанова	2 апта
5	Қаржылық қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ темекі өнімдерін шекпейтін бұйымдардың, электронды тұтыну жүйелерінің (вейптердің) айналымына тыйым салу және олардың денсаулыққа зияны туралы бейнероликтерді, буклеттерді, жадынамаларды және өзге де ақпараттық-ағартушылық материалдарды дайындау және тарату, AML Academy веб-сайтында қаржылық қауіпсіздік бойынша диктант жазу	Ақпараттық-ағартушылық материалдарды дайындау, диктант жазу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ж.Еркебаева, Д.Сатаева. 6-11 сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдары	2 апта

III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)				
6	**«Буллингтен қорған!»** *(«ДосболLike» жобасы)* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
7	TikTok, Instagram әлеуметтік желілерінде «Үнемдеу кеңестері», «Қаржылық сауатты мектеп оқушысының 5 ережесі» тақырыптарында	видеороликтер әзірлеу және тарату	5-8 сынып жетекшілері	3 апта
8	**«Startup» байқауы** *«SMART BALA» жобасы*	Байқау	Сынып жетекшілері, өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі және информатика пәнінің мұғалімдері А.Абдрахманова	3 апта
9	ДДСҰ-ның «Саламатты мектеп» *(ДНМ)* бастамасын енгізу бойынша онлайн	оқыту семинарларын өткізу	аймақтық үйлестірушілер, мектеп әкімшілігі	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жауапкершілік – табыстың кілті»				
10	**«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік»** тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
11	**«Өмірге салауатты қадам» жобасы** *(алдын алу шаралары)*	Алдын алу шаралары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
12	Салауатты өмір салты аспектілері бойынша инфографикалар әзірлеу және тарату / «Саламатты мектеп»	инфографикалар әзірлеу және тарату	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, сынып жетекшілері, мектеп медбикесі Г.Джабалиева, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Ерiктiлер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Татулық пен бірлік – елдің іргетасы»				
1	«Татулығы мықты ел тозбас» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	1 желтоқсандағы Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күніне арналған ақпараттық-танымдық іс-	Ақпараттық-танымдық іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, мектеп	1 апта

	шараларды өткізу. Тақырыптар: ВИЧ және ЖИТС, берілу жолдары, алдын алу әдістері, стигма мен кемсітушілік		медбикесі Г.Джабалиева, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілер, ЖИТС орталығының мамандары.	
3	**«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»** акциясы *«Қамқор» жобасы*	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»				
4	«Бірлік бар жерде, тірлік бар» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
5	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы *«Балалар кітапханасы» жобасы , «12 ай -12 кітап»*	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, мектеп кітапханашысы Г.Идиятулаева, жоба жетекшісі	2 апта
6	**«Жетістігімді еліме арнаймын»** челленджі	Челлендж	Аға тәлімгер Шүйіншібаева А, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
7	**«Буллингтен қорған!»** *(«ДосболLike» жобасы)* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
8	*«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*	Мектепішілік турнир	Тәлімгер Шүйіншібаева А Шүйіншібаева А, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі	3 апта
9	Ойынға салауатты көзқарас Қаржылық қауіпсіздік бойынша «Қаржы сақшысы» атты компьютерлік ойын өткізу	Алдын алу шаралары мен компьютерлік ойын өткізу (лудоманияның алдын алу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, 6-11 сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
10	«Досы көпті жау алмас» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
11	Салауатты өмір салты аспектілері бойынша инфографикалар әзірлеу және тарату	инфографикалар әзірлеу және тарату	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж:Еркебаева, сынып жетекшілері, мектеп медбикесі Г.Джабалиева, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта

12	Жастар денсаулық орталықтарында ашық есік күндерін өткізу	Кездесу	8-11 класс оқушылары	4 апта
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ **1 қаңтар** – Жаңа жыл				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Талап бар жерде тәртіп бар»				
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіп — тәрбие бастауы,тәртіпсіздік – өміріңнің қас жауы»				
1	**«Адалдық- ардың ісі»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
2	Салықтар және салық салу саласындағы азаматтық жауапкершілікті дамытуға арналған инфографиканы тарату	инфографиканы тарату	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сатаева , сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдары	2 апта
3	**Мамандықтар марафоны** *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*	Байқау	Жоба жетекшісі К.Үсенова, сынып жетекшілері, өзін өзі басқару ұйымы	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Әділ заң– болашақ кепілі»				
4	**«Буллингтен қорған!»** *(«ДосболLike» жобасы)* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
5	*Зияткерлік ойыны* *«Ұшқыр ой алаңы» жобасы*	Зияткерлік ойын	Жоба жетекшілері Г.Тобажанова	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды»				
6	«Талапқа бағыну әлсіздік емес» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
7	**«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»** байқауы *«SMART BALA» жобасы*	Байқау	Информатика мұғалімдері, жоба жетекшісі А.Абдрахманова	4 апта
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Келешек – білімді жастың қолында» (Ахмет Байтұрсынұлы)				
1	«Әлем және мен» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Б.Еркебаева, сынып	1 апта

			жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдары	
3	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта
4	«Мансап компасы» платформасында кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру	кездесу	1-11 класс жетекшілері, кәсіби бағдар беру маманы К.Үсенова	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңалық – жасампаз ойдан басталады»				
5	**«Буллингтен қорған!»** *(«ДосболLike» жобасы)* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
6	**«Шын жүректен кітап сыйла!»** челленджі *«Балалар кітапханасы» жобасы*	Челлендж	Мектеп кітапханашысы Л.Магзомова, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
7	«Суды үнемде – болашағыңды сақта» сурет байқауын өткізу	Сурет байқауы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, 8-сыныптың жетекшілері С.Қалмағамбетова, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Жаңашылдыққа ұмтылған ел ғана дамиды» (Шоқан Уалиханов)				
8	«Арманның жетегіне ерген жақсы» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
9	**«Startup» байқауы** *«SMART BALA» жобасы*	Инновациялық идеялардың тұсаукесері	Сынып жетекшілері, өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшісі А.Абдрахманова	3 апта
10	Зомбылық пен вандализмді болдырмау мәселелері бойынша	түсіндіру жұмыстары	1-11 класс оқушылары, ата аналар, педагогтер	3 апта
11	Қауіпсіз қоғам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
12	«Мектеп жасындағы балалардың денсаулық пен әл-ауқатқа қатысты мінез-құлқы» зерттеуі аясында 5, 7, 9 сынып оқушылары арасында сауалнама ұйымдастыру және өткізу **HBSC**	сауалнама нәтижелері бойынша ақпарат	ата-аналардың келісімімен 5, 7, 9 сынып оқушылары	3 апта
IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Бірлік пен жасампаздық – ел бағдары»				

13	**«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ **1 наурыз** – Алғыс айту күні **8 наурыз** – Халықаралық әйелдер күні **15 наурыз** – ҚР Конституция күні **21, 22, 23 наурыз** – Наурыз мерекесі **30 наурыз** – Дүниежүзілік Жер күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
1	**«Алғыс – ізгі ниет»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	8 сынып жетекшілері	1 апта
2	Ойынға салауатты көзқарас	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	1 апта
3	Қаржылық қауіпсіздік бойынша «Қаржы сақшысы» атты компьютерлік ойын өткізу	Компьютерлік ойын өткізу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, 6-11сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	1 апта
4	Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне (24 наурыз) орай инфографика мен жадынамаларды тарату. Тақырыптар: Туберкулез дегеніміз не: себептері, жұғу жолдары, қауіп факторлары. Туберкулездің алдын алу: БЦЖ вакцинациясы, дұрыс тамақтану және иммунитетті нығайту. Гигиена мен санитарлық нормаларды сақтау, медициналық	Инфографика мен жадынамаларды тарату	Әлеуметтік педагог А.Серикова, мектеп медбикесі Г.Джабалиева, аға тәлімгер, сынып жетекшілер, өзін өзі басқару ұйымы.	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Отан үшін отқа түс – күймейсің»				
5	«Ерліктің дастаны- елім» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
6	**«Ананың аялы алақаны»** челленджі *«Шабыт» жобасы*	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта
7	**«Ұлттық мәдениет»** көрмесі	Көрме	Көркем еңбек мұғалімдері	2 апта

	«Шабыт» жобасы		З.Матеуова, сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, жоба жетекшілері	
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Тәуелсіз елдің тұғыры – бірлік, тірегі – елдік»				
8	**«Жыл басы- Наурыз»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	1-11 сынып жетекшілері	3 апта
9	**«Наурызнама» тұжырымдамасы**	Бекітілген тұжырымдамаға сәйкес іс-шаралар ұйымдастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Сатаева, сынып жетекшілері	3 апта
10	**Мектеп театры** *«Шабыт» жобасы*	Театр қойылымы	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері З.Матеуова, тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта
11	**«Жер сағаты»** экологиялық акциясы *Энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған акция* *«Еңбегі адал жас өрен» жобасы*	Акция	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы шеңберінде пән мұғалімдері, жоба жетекшісі	3 апта
СӘУІР – ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ **2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні **7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні **12 сәуір** – Ғылым күні **15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні **18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні **23 сәуір** – Ұлттық кітап күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап»				
1	**«Зейініңді аш жас өрен!»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	7 сәуір — Дүниежүзілік денсаулық күніне арналған ақпараттық-ағартушылық іс-шараларды өткізу, балалар мен жасөспірімдерде денсаулықтың құндылығын түсіндіру, салауатты өмір салты мен алдын алу шаралары туралы білімдерін арттыру (профилактикалық тексерулер, вакцинация,	Ақпараттық-ағартушылық, спорттық іс-шаралары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп медбикесі, сынып жетекшілері, дене шынықтыру пәнінің бірлестігі Қ.Нуралиев.	1 апта

	зиянды әдеттерден бас тарту) Әлеуметтік желілерде «Спорт – денсаулық кепілі» челленджін өткізу (жүгіру, велосипед тебу және басқалар),			
3	Әлеуметтік қызметтер көрсететін орталықтардың (Жастар ресурстық орталықтары, жастар денсаулық орталықтары, Мансап орталықтары) және жастарға арналған қоғамдық кеңістіктердің (коворкинг, комьюнити орталықтары) қызметімен оқушыларды таныстыру	Ақпараттық-ағартушылық іс-шаралары	7-11 сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдары ,	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді»				
4	«Болашақ қазірден басталады» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
5	«Үздік мемлекеттік қызметші» медалімен марапатталған тұлғалармен кездесу ұйымдастыру	кездесу	Кәсіби бағдар беруші К.Үсенова, мектеп әкімшілігі	2 апта
6	**«Атадан-өсиет, анадан қасиет»** ата-аналарға арналған шеберлік сынып *(«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы)*	Шеберлік сынып	Сынып жетекшілері , педагог-психолог	2 апта
7	Білім беру ұйымдарында ғимараттардан қауіпсіз эвакуация дағдыларын қалыптастыру бойынша тәжірибелік оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізу	Жаттықу жұмыстары	Мектеп әкімшілігі, АӘД жетекшісі Б.Сағындықәулеті	2 апта
8	Өмірге салауатты қадам	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Еркебаева, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдары	2 апта
III АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
9	**«Буллингтен қорғаң!»** *(«ДосболLike» жобасы)* Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	3 апта
10	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	Мектеп дебаты	Жоба жетекшісі Г.Тобажанова	3 апта
11	Қаржылық қауіпсіздік-заман талабы	Дөңгелек үстел	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдары	3 апта

IV АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»				
12	«Еңбектің наны тәтті» Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
13	**«Түлектердің ағаш егуі»** экочелленджі *(«Қамқор» жобасы)*	Челлендж	9-11 сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	4 апта
14	Қоғамдық мүлікті қорға! TikTok, Instagram әлеуметтік желілерінде «Үнемдеу кеңестері», «Қаржылық сауатты мектеп оқушысының 5 ережесі» тақырыптарында видеороликтер әзірлеу және тарату	Алдын алу іс-шарасы, тақырыптық видеороликтер әзірлеу және тарату	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдары	4 апта
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ **1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні **7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні **9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні **Мамырдың екінші жексенбісі** – Аналар күні **15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні **18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні **31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
I АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін»				
1	**«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»** Қауіпсіздік сабағы *(10 минут)*	Фестиваль	2-3 сынып жетекшілері	1 апта
2	Еліміздің әскери жоғары оқу орындарының курсанттары мен үздік әскери қызметшілердің, Қарулы Күштер, ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қатысуымен «Ерлік сабағы», «Батырлар күні» бірыңғай ашық сабағын өткізу	Бірыңғай ашық сабақ	БӘД пәні мұғалімі Б.Сағындықәулеті, сынып жетекшілер, аға тәлімгер	1 апта
3	Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған балалар мен ата-аналар арасындағы бірлескен ойындарды ұйымдастыру (эстафеталар, спорттық ойындар, көңілді старттар және т.б.)	Эстафеталар, спорттық ойындар, көңілді старттар	Сынып жетекшілер, дене шынықтыру пәні мұғалімдері, аға тәлімгер	1 апта
II АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: «Ынтымақ — бұзылмайтын қорған, қосылып еккен ағаш — орман»				
4	«Түтіні түзу ел болайық!»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта